

Көне түркі ескерткіштер тілі /Ү-Х/

- 1. *Көне түркі дәуірі (Ү-Х ғасырлар)*
- 2. *Көне түркі ескерткіштеріндегі тіл дыбыстарының қолданысы*
- 3. *Көне түркі ескерткіштерінің лексика–грамматикалық сипаты:*
 - *а) лексикасы;*
 - *ә) морфологиясы;*
 - *б) синтаксисі.*
- 4. *Көне түркі ескерткіштерінің стильдік-тілдік ерекшеліктері*

Мына ескерткіштерде осы сөз кездеседі

Күлтегін ғұрыптық кешені және бітіктасы

14 ⌘×ГНГЯ : НЕРНҮД : ГГЯ : НЕРНҮГ : ⌘ЕРГЯ : ЕНГЯ : ⌘ЗЗД
 НЕРНҮД : ГД : ⌘Н⌘Я : Д : ⌘НГД : ГД : ⌘НГ : Г⌘ЕРГ
 НЕРН : ГНХЕР : ⌘ХЕР : ⌘БН)ГД : ⌘БН)ГД : ГН : ⌘×ГНГЯ
 ГЛГЯХЕРГ : ГГН : НГБЧДГЛ

бұнша: бітік: бітікдеуші: Күлтегін: аталығы: Йолұктегін: бітіктедім(жаздым
 жиырма: күн: отырып: бұ тасқа: бұ тамға: көп: Йолұғ тегін: бітіктедім: жылар:
 ұлдарыңызда: тұйғындарыңызда: игіде: игі еттір: ұша бардыңыз: Таңірі: тірі
 еткейінше:

bunča: bitig: bitigme: Kültegin: atisi: Joluy tegin: bitidim: jegirme: күn:olurup: bu
 taşqa: bu: tamqa: qop: Joluy tegin: bitidim: іyar: oylanіñizda: tuyyunіñizda:
 jegde: jegdür: ertigiz: uça bardіyіз: Teñiri: tirigedkeçi:

Білге қаған ғұрыптық кешені және бітіктасы

17 ... : ГНГ : ЕНХЯ : ГНЧД : ⌘ЗЗД : ⌘ЕРГЯ : НЕРНҮД : ... : ЕНГЯ :)ГН
 ⌘×ГНГЯ : ГД : НЕРНГН : ГДЧД : Н : НЕРНҮД : ГГЯ :)ГН
 ...ГД : ⌘ЕРНХЯ

...qayan: ...Yoluytegin: bitidim:bunča: barіqiy:bedizig: uzuy:...qayan:atisi:
 Yoluytegin: men: ay artuqі: törüt күn: olurip: bitidim: bedizti:

...қаған: ...Йолықтегін: бітідім: бұнша: барықты: бәдізін: ұзұғ:... қаған:
 аталығы: Йолықтегін: мен: ай артық: төрт күн: отырып: бітікледім: бәдіздедім:

Ел Етміш Білге қаған (Мойын-чур) ғұрыптық кешені және бітіктастары

47 ...НЯ : ЕНГЯ : ⌘ЗЗД : ... : НЯЕНЯ : ...

...begnig ben ...bunča bitigig bit...

... бектің мен:... бұнша бітікті (жазуды) біт...

Бітіг, бітік сөзі КТТЕ, - *«жазу, сызу, жазба, мәтін , хат»*
деген мағынаны білдірді.

Бітік көне түрік тілінде **biti > біті-** *«жазу, сызу»* деген
мәнді түбір морфемадан туындаған.

Көне түркілер өздерінің
төлтума жазуын **«түрүк бітік»** деп атаған

түрік бітік көптеген түрік тектес
этностардың тіл-сөйленістерін
бір емлеге, бір тәртіпке ықшамдай білген
фоно-морфемдік **«әмбебан»** жазу **Түрік бітік**

ескерткіштер:
Енисей
ескерткіштері.
Орхон ескерткіштері
Талас ескерткіштері

- Көне моңғол тілінде **бічі-** «жазу, сызу» > **бічіг** «жазу», **бічігечі** – «жазушы, бітікші», **бічіглекү-** «жазбалау», **бічімел-** «жазба нұсқа», **бічілге-**«жазу ерекшелігі» және т.б. сөздері туындаған.
- Тұңғыс, манжұр тілдерінде **бічі-** «жазу сызу», **бітіг, бітехе, бітхе, бічхе** «жазу, мәтін», **битхей** «кітап, кітаби» , **битхеси** «жазушы» мағынасын білдіреді.
- **Біті-, бітік, бітіг, бітіклік, бітікчі, бітігүчі, бітіт-** «жазу, көшіру, сызу» және де **пыч-, пыш-** «кесу, керту, пычак, пышак» және т.б. тұлғалы сөздері бір түбірлес ортақ семантикалы атаулар.
- Қазіргі түсінікпен айтқанда, **пышак** пен **бітік** сөздері мағыналық жағынан байланыссыз көрінгенімен, ататүрік дәуірінде тіпті, алтайлық тектіл кезеңдерінде **pit-** (**pit -**, **pič -**) тұлғалы бір түбір морфемалы болды.
- Оған **+//-čaq** , **-tik** түбір немесе қосымша морфемалар жалғанып *** pit+ čaq > pitčaq > pičaq > bičaq** (кескіш, кішкентай зат, пышак) ;
- *** pit+tik > pitik > bitik > bitik** (кесілген, кішкентай , бітік, жазу) тұлғасында өрбіді. Сондықтан қытай жылнамалардағы «(солтүстік жабайылар) ағашты оюлап өрнектеген жазулары бар, оны шумақтап уәзірлері кеңесте талқылайды» деген деректері аталмыш сөзге қатысты айтылған болу керек.

Көне түркі дәуірі (V-Х ғасырлар)

ғасырларда үлкен аймаққа таралған көне түркі жазулы ескерткіштер.

Көне түркі жазулары немесе көне түркі алфавиті – дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады.

Енисей ескерткіштеріне

Енисей бойынан және Тува, Хакас, Алтай республикаларының (бәрі де Ресей құрамындағы Түркі республикалары) аймағынан және Ресейдің батыс сібірде орналасқан Жаңасібір (Новосибирск) облысы мен Ертіс бойынан табылған жазулар жатады.

Оның қолданылған, жазылған жылдары 5-7 ғасырлардың аралығы. Бұл аймақтан табылып отырған көне түркі жазба ескерткіштердің жалпы саны қазіргі кезде шамамен 150-дей.

Орхон ескерткіштері.

Моңғолиядағы Орхон, Селенг,

Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі
Минусинск ойпатынан табылған
ескерткіштер жатады.

Қолданылған мезгілі 7-8 ғасырлар.

Ескерткіштердің жалпы саны 30 шақты.

Алайда ең көлемді, ұзақ мәтінді
жазбалар осы топқа жатады.

Бұның ішінде тарихи құндылығы

Жағынан «Құтлығ қаған» Жағынан

«Құтлығ қаған», «Білге қаған»,

«Күлтегін» «Күлтегін», «Тоныкөк»,

«Күлі Чор» «Күлі Чор» және «Мойын
Чор»

ескерткіштерінің орны ерекше

Талас ескерткіштері.

Бұл аймақтағы жазулар
Оңтүстік Қазақстан, Жетісу,
Сыр бойы мен

Қырғызстан аймақтарына
таралған, соның ішінде көп
шоғырланған жері қазіргі
Жамбыл облысында.

Қолданылған мезгілі
бірыңғай 8 ғасыр.

Ескерткіштердің жалпы
саны шамамен 20 шақты.

**Енисей
ескерткі
ші**

**Орхон
ескерткі
ші**

**Талас
ескерт
кіші**

Тарихи мезгіл (5-8 ғасырлар)

мен оның таралған үлкен
аймағы **Ұлы Түркі**
қағандығы,
одан бөлінген **Батыс және**
Шығыс Түркі, Түргеш,
Хазар қағандықтары мен
Көк Түркілер (Екінші Түркі
қағандығы) мемлекеттерінің
аумағы мен өмір сүрген
дәуіріне сәйкес келеді

Көне түркі ескерткіштеріндегі тіл дыбыстарының қолданысы

■ **1. Дауысты дыбыстар сөз ішінде үнемі таңбалана бермейді.**

Мысалы, **а, е /../, ы, і /....**/ сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында орын таңдайды., яғни **а, е** кейде **ы, і** сөз басында, сөз ортасында таңбаланбайды, бірақ оқуда ескеріледі. Мысалы, – *алып, күшті, – тағ - тау, екі, ... – еб т.б.*

■ **2. Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштерінде дауыстылардың үндесуінен қалыптасқан дыбыстық заңдылықтар бар:**

■ ***А) лингвальдық /тілдің қатысына қарай/ сингармонизм :***

қосымшалар, буындар соңғы буынмен – жуан не жіңішке үйлеседі.
..... – қағаны, – онынч - оныншы,- йолы –жолы.

■ ***а) лабиальдық сингармонизм /еріндік үндесу/. Бұл үндесу де бір келкі емес.***

■ *** басқы буында еріндік дыбыстар болса, соңғы буында езулік дыбыстар кездеседі.- бөрі,- оғлыңа;**

■ ***ә) алғашқы буында еріндік, кейінгі буындарда еріндік болып келеді.*** үчүн- үшін, күмүш- күміс

Ескерткіштерде: ... - *іл-ел*,- *іір-іер*,-*біс-бес* ;

Қазіргі тілдегі дауыстылармен сәйкес келуі;-*аны-оны*.....-

3. Ассимиляция

улғ-ұлық,

- Ескерткіштерде *р, л, м, н* дыбыстарының қатаң сыңары болмаған соң, олар қатаң, ұяң дыбыстармен үндесе береді. Мысалы,-

болты-йерте

Дауыссыздардың сәйкестігі: *б-м: бен-мен, бың-мың, бұң-*

мұң;

- *к, ғ* дыбыстары тек жуан дыбыстармен, *к, ғ* дыбыстары жіңішке дыбыстармен тіркеседі: *й-ж: йол-жол, йоқ-жоқ; д-й; адырылты-айырылды, бод-бой, тод-той; ғ-у: бағұзланты-бауызланды;*-қазан,- күнтүз,- *з-с: келмес-келмес* т.б.

4. Дауысты дыбыстардың сәйкестігі:

Ескерткіштерде: ... - *іл-ел*,- *йір-йер*,-*біс-бес* ;

Қазіргі тілдегі дауыстылармен сәйкес келуі;-*аны-оны*.....-*улғ-*

ұлық,

.....-*олтур-отыр*, -*алтун-алтын*, -... *бү-бу*.

*Дауыссыздардың сәйкестігі: *б-м: бен-мен, бың-мың, бұң-мұң;*

й-ж: йол-жол, йоқ-жоқ; д-й; адырылты-айырылды, бод-бой, тод-

той; ғ-у: бағұзланты-бауызланды;

з-с: келмес-келмес т.б.

Дауыссыз дыбыстар таңбасы үш топқа бөлінеді

А) Жалаң дауыссыз

дыбыстар таңбалары:

З, м, н, п, ч, ш

Бұл жалаң дауыссыз дыбыстардың таңбасы дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке оқылуына әсер етпейді.

Мысалы, *бізенте-бізбен, аң-аң, аңыз-аңыз, йіз-жез, қыз-қыз т.б.*

Жалаң дауыссыздардың ішінде

З дыбысы сөз басында кездеспейді.

жуаны дауыссыздар: **б, ғ, д,**

й, қ,

л, н, с, т;

жіңішке дауыссыздар: **бь, ғ, дь,**

иь, к. ль,

нь, сь, ть

Қос дауыссыздар буынның жуан, жіңішке оқылуына әсер етеді.

Мысалы, *бен-мен, бар-бар, бер-бер,*

ат-ат, сіні-сені, субча-судай,

б) Тіркес дауыссыздар: **лт, нт, нч**

Бірнеше дыбыс тіркескенде бір таңбамен берілетін кезі болады.

Мысалы, *болты-болды, беснч-бесінші,*


анча-қанша, анта-онда, төртнч-төртінші т.б.

Зертеушілердің пікірінше бұл түркі тілдеріндегі көне ерекшелік ретінде танылып жүр.

Көне түркі ескерткіштерінің лексика–грамматикалық сипаты

КТТЕ тілінің лексикалық қоры
сол ру-тайпа халықтың бастан кешкен
тарихы, өмір сүріп отырған
қоғам тарихымен тығыз байланысты

Ғасырлар бойы
қалыптасқан **сөздік қоры**,
дамудың белгілі бір
заңдылығына
бағынған, әртүрлі амал-
тәсілдер
арқылы жасалған,
белгілі бір жүйеден
тұратын
сөздік құрамы бар.



Түркі тілдерін
туыс тілдер деп
санауға бірден-бір
негіз болатын
айғақ
дерек – олардың
бәріне ортақ,
түсінікті сөздердің
–
сөздік қордың
болуы

туыстық атаулар

/ ата, ақа-аға, есі -
әже, /

шеше, әйел, келін,
қыз, оғул-ұл /

табиғат атаулары

/йер-жер, суб-су,
көл, тағ-тау,
төпе-төбе т.б.

**жан-жануарлар,
аң-құс атаулары**

/інгек-сиыр, тай,
інген-түйе,
тебе-түйе, қой,
тақызу-тауық,
киік т.б./,

дене мүше атаулары

/көз, құлғақ, сүнук-
сүйек,
боғуз-бұғаз-тамақ,
адақ-аяқ,
бод-бой, көңүл-
жүрек,
тыл-тіл т.б./

Лексикалық қор

**үй және құрылыс
атаулары**

/еб-үй, барқ-жай,
сарай,
қапыз-қақпа-есік,
бедіз-өрнек, бедзчі-
шебер,
-өрнекші, балабал-
сынтас,
ітгүчі-құрылысшы/,

қазба байлық атаулары

/алтун-алтын, күмүш-
күміс,
темір, көмір, йіз-жез

***Сөзжасамның синтетикалық тәсілі КТТЕ өте ердеден келе жатқандығын дәлелдейді. Мысалы, -сыз,-сіз; субсыз, бұңсыз, тонсыз: -лығ, -ліг; йазықлығ –жазықты, атлығ-атты, кедімліг-киімді; -ынты, -інті; -нч, -ынч екінті- екінші; -ла, -ле қышла-қыста.**

****КТТЕ көптік ұғымды білдірудің морфологиялық, лексикалық, синтаксистік жолдары бар. Мысалы, *беглер-бектер, қадаштар-жолдастар* т. б.**

Иесінің, не иемденетін заттың, құбылыстың көптігін білдіруде ортақ тәуелдеу формасының қатысы бар. Мысалы, *бегіміз, марымыз-оқытушымыз* т. б.

*****Көптік жинақтық мағынаның көптік жалғаусыз-ақ сөз мағынасы арқылы да жеткізілетіні бар. Олар –ру-тайпа, халық аттары, жинақтық ұғымы бар және дараланбайтын кейбір жалаң есімдер. Мысалы, *қыпчак, табгач, огуз, іл, йел,-жел, будун-халық* т.б.**

****КТТЕ сан есімді тіркестер, қос сөздер, *қоп/көп/, үкүл /бүкіл/* сөздері тіркесіп келген есімдер көптік жалғауынсыз-ақ көптік ұғым білдіреді. Мысалы, *тоқуз огуз, қоп сү –көп әскер, үкіл ер –бүкіл ер, екі-үч, қыз-қудус-қыз-қырқын* т.б.**

*Септік

А.с. нөлдік форма;

**Барыс с. –ға, ге үгізке; -ғару, -геру + оғузғару;
-а, -е +ебіме; -ру+ аңару; -ра,-ре + таиша /тысқа/;**

Табыс с. –ны,-ні бұны; -ығ, -іг, -уғ, -уг+ будунуғ;

Жатыс с. –та,-те, -да,-де+ тағда;

Шығыс с. –тан, -тен, -дан, -ден +беріден;

**Көмектес с. –ын, -ін, -н бірле /шылау/+ қышын-
қысымен,**

Жіктік жалғаулы сөз сөйлемде баяндауыш ретінде жұмсалып отырады.

Орхон-Енисей ескерткіштерінде I-II жақ көрсеткіштері бар да, III жақ көрсеткіші жоқ. Мысалы, *Ол йергеру барсар, түрк будун өлтөчісен* – *Ол жерге қарай барсаң, түркі халқы өлмешісің.*

Орхон-Енисей ескерткіштерінде **ман, сан** жіктеу есімдіктері үнемі сөйлемнің соңында келіп отырады. *Тоньюкук оғлыман-Мен Конью-Кук оғылымын* дегенде **ман мен** деген ұғымды білдіреді.

Көне түркі ескерткіштерінің лексика– грамматикалық сипаты


- **Етістіктің райлары:** Ашық рай
- Бұйрық рай: келің-келің
- Қалау рай: -айын, -ейін, -йын, -алым, -елім және -ғыл, -гіл жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы, қабышайын-қосылайын, бергіл-бергей
- Шартты рай: -сар, -сер: барсар-барса, келсер-келсет
- Етістіктің етіс категориясының формалары КТТЕ ертеден келе жатқан қосымшалар екені байқалады. а) өздік етіс: -ын, -ін, -н; б) ырықсыз етіс: -ыл, -іл, -л; теріс; в) ортақ етіс: -ыс, -іс, -с; сүңүс – соғыс; г) өзгелік етіс: -тыр, -тір, -ыт, -іт, -т; йарат – жарат, тоқыт-қақтыр т.б.
- Есімшелер: а) осы шақ –чы, –чі: өлмечі- өлмейтін, т.б.
- ә) келер шақ : -ур, -үр, -р; келүр-келер, білез-білмес , т.б.
- б) өткен шақ: -мыш, -міш, -мыс, --дук,- дүк; болмыс-болған, келмедук-келмеген т.б.
- Көсемше: -ып, -іп, -п: кечип,; -а, -е,; тапа, т.б.; -у, -ү, -ы, -і; ері – ере, йорыту-жүре, кезу-кезе.; -ғалы, -гелі: сөнүшгелі –ұрысқалы т.б.

Көне түркі ескерткіштерінің стильдік-тілдік ерекшеліктері


- КТТЕ көркемдегіш-бейнелеуіш тәсіл-құралдар саласына келсек, белгілі бір атаудың **тұрақты эпитеттермен** келуі жиі кездеседі. Бұл қазақтың әдеби тіліндегі айрықша көркемдік белгілернің бірі. Мысалы, Күлтегінде: **сүңіг саб – тәтті сөз; йымшақ ағыс – асыл дүние, беңгү тас, еріг йер, қара йер, қызыл ан, қара тер, көрер көз, сарыг алтун, өрүң күмүш** сияқты тіркестердегі тұрақты эпитеттердің өздері де, оның аналогтері де қазақтың ауыз әдебиеті тілінде, ауызша дамыған авторлы әдеби тілінде және жазба әдеби тілінде молынан кездеседі.
- **Дыбыстар үндесуі /эвфония/, яғни аллитерация мен ассонанс** қазақтың ертеден келе жатқан сөз өнерінің /поэзиясында, мақал-мәтелдерде, шешендік сөздерде/ кеңінен қолданылып келіп, бүгінге дейін эстетикалық –көркемдік құрал ретіндегі мәнін жоймаған болса, мұның көрінісі де КТТЕ тілінен табамыз. Мысалы, **теңрі төпесінде тұтб – тәңірі төбесіне көтеріп, көрер көзім көрместег, білір білігім білмес тег болту- көрер көзім көрместей, білгір ақылым білместей боды.**

Көне түркі ескерткіштер тілі /Ү-Х/


Көне түркі жазбаларының тілінің фонетикалық,
грамматикалық, лексикалық және көркемдік
ұқсастықтар мен ерекшеліктерінің ғылыми
құндылығы неде?



?



?



?